

**Оқушылар арасындағы
құқық бұзушылықтың
алдын алу жұмыстарын
жоспарлау, оның нақты
бағыттарын айқындау**

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ 2004 ЖЫЛҒЫ 9 ШІЛДЕДЕГІ № 591 ЗАҢЫ

12-бап. Білім беру органдарының құзыреті

Білім беру органдары өз құзыреті шегінде:

1) девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарға арналған арнаулы білім беру ұйымдарының және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының, сондай-ақ бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын өзге де ұйымдар жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады;

3) дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтайды және есепке алады, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикалық шараларды жүргізеді;

4) кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, олардың бойына имандылық пен салауатты өмір салтының берік негіздерін дарытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеп, білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізеді;

5) дамуында немесе мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарды анықтайтын психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияларды құрады, олардың кешенді түрде тексерілуін жүргізеді және оларды одан әрі оқыту және тәрбиелеу нысандарын анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

6) девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке профилактикалық шараларды жүргізуге қатысады;

7) жалпы білім беретін оқу орындарында қол жетерлік спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелер, клубтар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және оларға кәмелетке толмағандарды тартады.

Құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу, құқықтық тәрбие беру саласында білім беру ұйымдарында қолданылатын нормативтік-құқықтық актілер мен заңнамалар

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (30.08.1995ж.)
2. Бала құқығы Конвенциясы (02.09.1990ж.)
3. Қ.Р. “Білім туралы” Заңы (27.07.2007ж.)
4. Қ.Р. “Бала құқығы туралы” Заңы(08.08.2002ж. №345)
5. Қ.Р. “Неке және отбасы” Кодексі(26.11.2011ж. №518-Ү)
6. Қ.Р. “Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы” Заңы (09.07.2004ж № 591)
7. Қ.Р. “Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы” Заңы (04.12.2009ж. №214-ІҮ)
8. Қ.Р. Әкімшілік құқық бұзушылықтардың және Қылмыстық Кодекстер (05.07.2015ж.№235-Ү; 03.07.2015ж. №226-Ү)
9. Қ.Р. “Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы” Заңы(11.10.2011ж. №483)
10. Қ.Р. Мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы (27.02.2013 ж.№ 191 Қаулысы)
11. Барлық білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі кешенді жоспары (29.06.2012ж. №873 Қаулы)
12. Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 - 2016 жылдарға арналған салалық бағдарламасы (12.04.2012ж. №451 Қаулысы), осы аттас аймақтық бағдарлама
14. Қ.Р. Құқықтық саясатының 2010-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы(28.08.1999 ж.)
15. Қ.Р. Құқықтық білім беру туралы Ереже
16. Қ.Р. Ішкі істер министрінің 2010 жылғы «30» маусымдағы № 290 бұйрығымен бекітілген “Ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі учаскелік полиция инспекторларының қызметін ұйымдастыру туралы” ережесі

Құқық бұзушылықтың алдын алудағы білім беру мекемелерінің қызметі

Құқық бұзушылықтың алдын алу және құқықтық тәрбиеге қатысты құжаттар тізбесі

1. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңесті құру туралы бұйрық
2. “Жас полиция көмекшілері” тобын құру туралы бұйрық
3. Тәлімгерлерді бекіту туралы бұйрық
4. Лекторлық топтарды құру туралы бұйрық
5. Құқықтық білім беру сабақтарын ұйымдастыру туралы бұйрық
6. Наркобекет құру туралы бұйрық
7. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің ережесі
8. Білім алушыларды колледжішілік алдын алу есебіне қою туралы Ережесі
9. Құқықтық білім беру туралы Ережесі
10. Наркобекет қызметі туралы ережесі
11. “Жас полиция көмекшілері” тобын құру туралы ереже

1. Білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша оқу жылына арналған жұмыс жоспары
2. Құқық бұзушылықтарға “мүлдем төзбеушілік” қағидатын қалыптастыруға арналған 2018-2019 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары
3. Білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі білім мекемесінің ішкі істер бөлімімен бірлескен жұмыс жоспары
4. Каникул (күзгі, қысқы, көктемгі, жазғы) күндерінде білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі білім мекемесінің ішкі істер бөлімімен бірлескен жұмыс жоспары
5. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмыс жоспары
6. “Жас полиция көмекшілері” отрядының жұмыс жоспары
7. Лекторлық топтардың жұмыс жоспары
8. Құқықтық білім беру сабақтарының жоспары
9. Наркопосттың жұмыс жоспары
10. Түрлі есептерде тұрған білім алушылармен психологтың жүргізетін жұмыс жоспары
11. Суицидальдық мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар жоспары
12. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдына алудың жұмыс жоспары
13. Білім беру мекемелерінде дін саласындағы ақпараттық-ағарту жұмыстарын жүзеге асыруға бағытталған оқу жылына арнаған іс-шаралар жоспары
14. Тәлімгердің жұмыс жоспары
15. Есірткі бизнесі мен нашақорлықтың алдын алуға бағытталған жұмыс жоспары

1. Рейдтік іс-шаралар жүргізудің жинақ папкасы
2. Мектептің әлеуметтік төлқұжаты
3. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстың жағдайына мониторинг жұмыстары (3 жылға)
4. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарына талдау жұмыстары (тоқсандық, жылдық)
5. Түрлі есепте тұрғандар мен жайсыз отбасылармен жүргізілген жұмыстардың күнделіктері
6. Педагогтарды психологиялық-педагогикалық ағарту жұмыстарының материалдары (семинарлар, тренингтер және т.б.)
7. Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары туралы мәселенің педкеңестерде, директор жанындағы кеңестер мен сынып /топ жетекшілердің әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында қаралуы (материалдары)
8. Жайсыз отбасылардың тізімі
9. Мектепішілік қауіпті топтар, ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрғандар мен наркобекет мүшелерінің тізімдері
10. Тұрмыстық жағдайын зерделеу актілері
11. Қаникул күндерінде балалардың бос уақытының ұйымдастырылуына талдау жұмыстары

12. Түсініктемелер
13. Мінездемелер
14. Құқықтық білім беру материалдары
15. Түрлі есепке қойылғаны жайлы жазбаша хабарландырулар
16. Түрлі есептен алынғаны жайлы жазбаша хабарландырулар
17. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің хаттамалары
18. Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің материалдары
19. Наркобекеттің хаттамалары
20. Құқықтық оқыту сабақтарына қатысуына талдау жұмыстары
21. Құқық бұзушылықтың алдын алуға арналған іс-шараларға қатысуына талдау жұмыстары
22. Мектептің/колледждің кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға шығаратын материалдары

Білім беру процесіне қатысушылар(директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психолог, әлеуметтік педагог, инспектор, ата-аналар) арасындағы байланыс жұмыстарының жалпы бағыттары

○ Профилактикалық жұмыс

- Құқық бұзушылыққа бейім оқушыларды анықтау
- Түрлі есепте тұрғандар мен құқық бұзушылыққа бейім оқушыла туралы мәліметтер базасын жасау
- Кәмелетке толмағандар мен олардың ата-аналарымен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу
- Тақырыптық топ сағаттары, әңгімелер, дәрістер өткізу
- Құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық, насихаттық және кеңестік жұмыстар жүргізу
- Жолда жүру ережесі, «16 жасқа дейінгі және одан жоғарылар: мәселелер», «ЖИТС проблемасы және оның алдын алу», «Өмір қауіпсіздігі негіздері» бағдарламаларын жүзеге асыру
- Тәлімгерлік институтының қызметі
- Бақылау күнделіктерін жүргізу
- Мектеп инспекторымен бірлескен жұмыстар
- Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестердің қызметі
- Наркобекеттердің қызметі
- Мемлекеттік және басқа да мүдделі органдармен бірлескен профилактикалық жұмыстар
- «Салауатты топ» жобасы бойынша жинақталған жұмыстар

Құқықтық білім және тәрбие

- Оқушылар/білім алушылар, педагогтар мен ата-аналарға құқықтық білім беруді ұйымдастыру
- Құқықтық тақырыптарда іс-шаралар өткізу
- “Жас полиция көмекшілері” топтарының қызметі
- Құқықтық тәрбие берудегі мемлекеттік және басқа да мүдделі органдармен бірлескен жұмыстар
- Лекторлік топтардың қызметі
- Үйірме, факультатив курстарын жүргізу
- Құқықтық білімнің қалыптасу деңгейіне мониторингтік жұмыстар жүргізу

○ Әлеуметтік-психологиялық қызмет

- Түрлі есепте тұрған балалармен жеке түзету жұмыстарын жүргізу
- Педагогтар, ата-аналар мен балаларға психологиялық-педагогикалық кеңес беру
- Психологиялық-педагогикалық консилиумдар жүргізу
- Ата-аналарға арналған психологиялық жалпыға міндетті білім беруді ұйымдастыру және өткізу
- Рейдтер ұйымдастыру және өткізу
- «Қамқорлық» т.б. акцияларын өткізу
- Әлеуметтік қорғау органдарымен бірлесе әрекет ету
- «Қиын бала», «Таңдау» бағдарламаларын жүзеге асыру

Сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыру

- Мектептегі үйірмелер мен секцияларды ұйымдастыру
- Мектептегі өзін-өзі басқару, түрлі жасөспірімдерден құралған ұйымдардың қызметі
- Сыныпаралық/топаралық және мектепішілік/ колледжішілік іс-шараларды өткізу
- Балалардың бос уақыты мен демалысын ұйымдастыру мәселесінде мемлекеттік және басқа да мүдделі органдардың өзара әрекеті
- Жазғы демалыс пен сауықтыруды ұйымдастыру
- Жеке интеллектуалды тұлғаны қалыптастыруда ақпараттық технологияны қолдану
- Мектептегі/ колледждегі үйірмелер мен секцияларға қамтылу деңгейіне мониторинг жүргізу

Ата-аналар қауымдастығымен жұмыс

- Ата-аналар жиналыстары, дәрістер, әңгімелер жүргізу
- Қамқоршылық кеңестерінің жұмысын ұйымдастыру
- Ата-аналар қоғамдық кеңесінің жұмысын ұйымдастыру
- Оқушылардың/білім алушылардың үйлерін аралау
- Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мәселесіндегі өзара байланыс
- Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмысына ата-аналарды қатыстыру

Педагогикалық ұжыммен жұмыстар

- Білім беру процесіне ақпараттық қамтамасыздандыру жүйесін енгізу (білім беру бағдарламалары, әдістемелік әзірлемелер, тестілік тапсырмалар, оқу құралдары, әдістемелік әдебиеттер)
- Мұғалімдерге көмек көрсету (кеңестер, практикумдар). Ұжымда өзара құрмет, жауапкершілікті сезіну принциптеріне сүйене отырып, моральдік-психологиялық ахуал қалыптастыру
- Тәрбие жоспарын жасауда көмек көрсету. Топтың тәрбиелік бағдарламаларын жасау және жүзеге асыру
- Педкеңестер мен әдістемелік кеңестердің отырыстарын өткізу.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторлар, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, сынып/топ жетекшілер, психологтар мен әлеуметтік педагогтардың бірлескен негізгі жұмыстары

- Сабақтан жиі қалатын оқушыларды жеке журналға енгізе отырып, бақылау
- Оқушылармен/білім алушылармен жеке әңгімелер өткізу
- Ата-аналармен жеке әңгіме өткізу
- Оқушылардың үйлеріне бару
- Оқушылармен жұмыс жүргізуде сынып жетекшілермен психологиялық-педагогикалық кеңестер, консилиумдар өткізу
- Оқушылардың бойында агрессиялық мінез-құлық деңгейін төмендету үшін тренингтік сабақтар жүргізу
- Даулы, шиеленісті мінез-құлықты түзету үшін тренингтік сабақтар жүргізу
- Осындай балаларды мектептегі/колледждегі немесе мектептен/колледжден тыс ұйымдардағы үйірмелер мен спорттық іс-шараларға тарту

Мектептің 2018-2019 оқу жылына арналған құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған іс-шаралар жоспарының үлгісі



№	Іс-шаралар	Аяқталу түрі	Орындауға жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	Түрлі есептерде тұрған әлеуметтік қауіпті топтың балалары туралы мәліметтер базасын қалыптастыру	Мәліметтер базасы (тізімдер)	Мектеп әкімшілігі	қыркүйек
2.	Түрлі есептерде тұрған балалардың үйлерін аралау	Актілер	Мектеп әкімшілігі	Апта сайын
3.	Жайсыз отбасыларды анықтау	Мәліметтер базасы (тізімдер)	Мектеп әкімшілігі	Қыркүйек-қазан
4.	Түрлі есептерде тұрған оқушылардың/білім алушылардың бос уақытының ұйымдастырылуын бақылау	Үйірмеге қамтылуы бойынша мәліметтер базасы	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
5.	Оқушылар/білім алушылар арасында профилактикалық және құқықтық жұмыстар жүргізу	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
6.	Оқушылар/білім алушылар арасындағы қылмыстардың себептері мен салдарына талдау жасау, сондай-ақ наркологиялық диспансерде есепте тұрған балалар арасында жұмыс жүргізу	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Қаңтар, маусым
7.	Сыныптар/топтар бойынша жасалынған қылмыстарға мониторингтік жұмыстар жүргізу	ақпарат	Мектеп/колледж әкімшілігі	Тоқсанына 1 рет
8.	Құқыққа қарсы әрекет жасаған оқушылармен/білім алушылармен, оның себептері бойынша жедел-оперативті ақпаратты сапыстыру жұмыстарын жүргізу	ақпарат	Мектеп/колледж әкімшілігі	Апта сайын

9.	Педұжымға оқушылар/білім алушылар жасаған құқық бұзушылықтар туралы ақпаратты жеткізу	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Жасалған уақытта
10	Оқушылардың /білім алушылардың жазғы демалысы мен сауықтырылуына бағытталған жұмыстар жүргізу, оның ішінде түрлі есепте тұрған білім алушылар бойынша жеке мәлімет алу	бұйрық	Мектеп әкімшілігі	Сәуір-тамыз
11	Девиантты мінез-құлықты жасөспірімдерді, жайсыз отбасыларды анықтауға қатысу, оларды мектепішілік/колледжішілік, ішкі істер органдарының есептеріне қою.	Тізімдер, кеңестің хаттамалары	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
12	Ата-аналар қоғамдық кеңестерінің қатысуымен жасөспірімдердің бойында өмірлік құндылықтар мен құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында жиналыстар өткізу	хаттамалар	Мектеп әкімшілігі	Жоспарға сай
13	«Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің қызметін зерделеу жұмыстары» тақырыбында директордың жанындағы кеңесте қарау	хаттамалар	Мектеп әкімшілігі	Қазан, мамыр
14	«Білім алушылардың арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу жұмыстарына талдау қорытындысы» тақырыбында педагогикалық кеңесте қарау	хаттамалар	Мектеп әкімшілігі	наурыз

15.	Бұқаралық ақпарат құралдарында кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жариялау	Сұхбаттар, мақалалар	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
16.	Құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты қалалық, облыстық семинарларға қатысу	семинарлар	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
17.	Салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында мүдделі органдармен бірлесе отырып, дөңгелек үстелдер, конференциялар ұйымдастырып, өткізу	Дөңгелек үстелдер, конференциялар	Мектеп әкімшілігі	Жұмыс жоспарына сәйкес
18.	Оқушылардың міндетті орта және кәсіптік біліммен толық қамтылуын, түрлі есептерде тұрған білім алушылардың сабаққа түгел қатысуын жеке-жеке қадағалау	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
19.	Құқық бұзушылықтың алдын алу Кеңесінің отырысын өткізу	хаттамалар	Мектеп әкімшілігі	Ай сайын
20.	Наркобекеттің отырысын өткізу	хаттамалар	Мектеп әкімшілігі	Ай сайын
21.	Мектепте үйірмелер мен секциялардың жұмысын қадағалау	Спорттық жарыстарға, байқауларға	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде

22.	Балалардың бос уақытының дұрыс ұйымдастырылуына байланысты микроучастоктерді аралау (рейдтер)	Ақпарат (құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңес отырысына шығару)	Мектеп әкімшілігі	Ап та сайын
23.	Өмірде қиын жағдайға тап болған жасөспірімдерге құқықтық көмек көрсету	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
24.	Оқушылармен жеке түзету жұмыстарын жүргізу	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
25.	Түрлі есептерде тұрған оқушыларға бақылау күнделігін арнап, оны жүргізу	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
26.	Тәлімгерлер жұмысы	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Жыл ішінде
27.	Құқықтық білім беруге байланысты сабақтар жүргізу	ақпарат	Мектеп әкімшілігі	Жұмыс жоспарына сәйкес әр сейсенбіде
28.	Сынып/ топ бұрыштарында, мектеп фойесінде «Заң және жасөспірім» стендін орналастыру, онда «Сенің болашағың өз қолыңда» атты рубрика безендіру	Рубрика материалдары 08.12.2018	Мектеп әкімшілігі	қыркүйек 16

Бекітілді

Мектеп директоры

Келісемін

**Тараз қ. ішкі істер бөлімінің
басшысы, полиция майоры**

**Мектептің 2018-2019 оқу жылына арналған Тараз қалалық
ішкі істер бөлімімен бірлескен іс-шара жоспары**

№	Іс-шаралар	мерзімі	жауаптылар
1.	Түрлі есептерде тұрған қауіпті топтардағы жасөспірімдер туралы мәліметтер базасын құру	қыркүйек	Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып/топ жетекшілер, тәлімгерлер
2.	Түрлі есептерде тұратын жасөспірімдердің үйлерін аралау	Апта сайын	Инспектор, әлеуметтік педагог, сынып/топ жетекшілер
3.	Түрлі есептерде тұратын оқушылардың/білім алушылардың бос уақытының ұйымдастырылуын бақылау	Жыл ішінде	Инспектор, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып/топ жетекшілер, тәлімгерлер
4.	Оқушылар/білім алушылар арасында профилактикалық және құқықтық жұмыстар жүргізу	Жыл ішінде	Инспектор, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, сынып/ топ жетекшілер, тәлімгерлер


5.	Оқушылардың/білім алушылардың бос уақытының дұрыс ұйымдастырылуына байланысты микроучастоктерді бірлесе аралау(рейдтер)	Жыл ішінде	Инспектор, әлеуметтік педагог, топ жетекшілер, тәлімгерлер
6.	Мектепішілік іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағалау	Жыл ішінде	Мектеп инспекторы
7.	Мектептен тыс қоғамдық орындарда өткізілетін іс-шаралар кезінде қоғамдық тәртіптің сақталуына қатысу	Жыл ішінде	Мектеп инспекторы
8.	Өмірде қиын жағдайға тап болған білім алушыларға құқықтық көмек көрсету, жеке жұмыстар	Жыл ішінде	Мектеп инспекторы, әлеуметтік педагог, психолог
9.	Мектеп/колледж территориясына жақын жерде кәмелетке толмаған жасөспірімдерге темекі және алкогольдік ішімдіктердің сатылу фактісін анықтау мақсатында бірлескен рейдтік іс-шаралар жүргізу	Ай сайын	Мектеп инспекторы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог
10.	Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің жұмысына қатысу	Ай сайын	Мектеп инспекторы, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

11.	Әлеуметтік жайсыз отбасыларды анықтау	Қыркүйек-қазан	әлеуметтік педагог, топ жетекшілер
12.	Ата-аналар қоғамдық кеңестерімен бірлескен жұмыстар: жиналыстар, әңгімелер т.б.	Жыл ішінде	Мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагогтар, инспектор, психолог
13.	Құқықтық тәрбиеге байланысты білім алушылармен, педұжыммен, ата-аналармен бірлескен іс-шаралар ұйымдастыру	Жыл ішінде	Мектеп әкімшілігі, педагогтар, инспектор, топ жетекшілер
14.	Жедел-оперативтік іс-шараларға қатысу	Жыл ішінде	Мектеп инспекторы, психолог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасар, әлеуметтік педагог
15.	Жазғы каникул күндерінде түрлі есептерде тұратын білім алушылардың бос уақыттарының тиімді ұйымдастырылуына бақылау жасау	Маусым-тамыз	Мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагогтар, инспектор, тәлімгерлер
	08.12.2018		19

Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің қызметін ұйымдастыру

Қажетті құжаттар тізімі

- Кеңестің Ережесі
- Кеңесті құру туралы бұйрық
- Кеңестің жұмыс жоспары
- Мектеп/колледжішілік есепке қою тәртібі
- Есепке қойылғаны туралы жазбаша хабарлама
- Есепте тұрғандардың тізімдері
- Кеңес отырыстарының хаттамалары
- Кеңестің материалдары
- Мінездемелер
- Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің қызметіне талдау қорытындысы (2 рет)



2.5. Кеңестің шешімі дауыс беру арқылы қабылданады.

2.6. Кеңес отырысы және оның шешімі хаттамаланады.

2.7. Кеңес мүшелерінің саны мен құрамы жыл сайын педкеңестің шешімімен және директордың арнайы бұйрығымен бекітіледі.

III. Кеңестің жұмыс мазмұны және түрі

3.1. Мектептегі ітоптар бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жағдайы туралы мәселенің қаралуы.

3.2. Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің мектеп/колледж Жарғысын және қоғамға қарсы әрекеттері мәселесін қарау.

3.3. Оқушылар мұғалімдер және ата-аналар арасындағы даулы, шиеленісті жағдайларды шешу.

3.4. Балаларына дұрыс тәрбие бермейтін және одан бас тартатын ата-аналар немесе оларды ауыстыратын заңды тұлғалармен түзету жұмыстарын жүргізу.

3.5. Құқық қорғау және басқа да мүдделі органдардың қызметкерлерімен тұрақты өзара байланысты сақтау. Аталған органдардың қызметкерлерін Кеңестің отырысына шақыру. Отырысқа шығарылатын мәселелер бойынша аталған органдардан шығатын құжаттарды талқылау және қарастыру.

IV. Кеңестің құқықтары мен міндеттері

Кеңестің міндеттері:

4.1. Ішкі істер бөлімімен бірлесе жұмыс істеу;

4.2. Мектептің оқушылары арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарының нәтижелігін арттыруға көмектесу;

4.3. Қауіпті топтарға жататын білім алушылармен жеке профилактикалық жұмыс жүргізу;

- 4.4. Кеңестің отырысына әрбір білім алушының жеке ісі бойынша оның ата-анасын немесе оны ауыстыратын заңды тұлғаны шақыру;
- 4.5. Мұғалімдер ұжымына немесе ата-аналарға арналған кеңес беру – ақпараттық қызметті жүзеге асыру;
- 4.6. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау;
- 4.7. Өз қызметіне талдау жасау, оның нәтижесі бойынша жылына 1 рет педкеңесте сөз сөйлеу.

Ү. Кеңестің құжаттары:

- 5.1. Мектептің кеңесті құру туралы бұйрығы.
- 5.2. Кеңес отырыстарының хаттамаларын тіркеу журналы, оның материалдары
- 5.3. Мектептің ішкі істер бөлімінің есебінде тұрған оқушылар/білім алушылардың тізімдері. Тізімдер жыл сайын тексеріледі, салыстырылады, жаңартылады.
- 5.4. Кеңестің отырысына шығарылатын материалдар.

ҮІ. Кеңестің жұмыс тәртібі

- 6.1. Кеңес отырысы кемінде айына 1 рет өткізіледі (оқыс оқиғалардан бөлек)
- 6.2. Кеңес отырыстары хаттамаланады, материалдары жүйеленіп, 5 жылға дейін сақталады.

2018ж. -----қыркүйек

2015-2016 оқу жылына арналған құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңесті құру туралы

Білім мекемелерінде құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестерді құру туралы Ережесіне және педагогикалық кеңестің №----шешіміне сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектепте/колледжде құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңес құрылсын.

2. Кеңес құрамы төмендегідей бекітілсін.

Кеңес төрағасы (төрайымы) ----- мектеп/колледж директоры;

Кеңес хатшысы -----

Кеңес мүшелері:

----- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

----- мектеп/колледж психологы;

----- ата-аналар қоғамдық кеңесінің мүшесі;

----- өзін-өзі басқару ұйымының мүшесі;

----- әлеуметтік педагог;

----- мектеп/колледж инспекторы немесе учаскелік инспектор

3. Кеңестің 2013-2014 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары бекітілсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор-----қолы, мектеп/колледж мөрі

2018-2019 оқу жылына арналған құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің жұмыс жоспары

датасы	тақырыбы	жауаптылар
қыркүйек	<p>1. Кеңестің құрамын бекіту</p> <p><i>№ 1 отырыс</i></p> <p>1. Жұмыс жоспарын бекіту</p> <p>2. Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен қабылданған рейдтік іс-шаралар мен өңдемелерге талдау</p> <p>3. Оқушылардың /білім алушылардың жеке істерін қарау – мектепішілік/колледжішілік есепке қою және одан шығару</p>	
қазан	<p><i>№ 2 отырыс</i></p> <p>1. Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен қабылданған рейдтік іс-шараларға талдау</p> <p>2. Мектептегі/ колледждегі құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарының жағдайы</p> <p>3. ---- топ білім алушыларының сабақтан қалу мәселесі туралы</p>	

қараша	<p><i>№ 3 отырыс</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен қабылданған рейдтік іс-шараларға талдау 2. Мектеп Жарғысының талаптарының орындалуы 3. Жекелеген оқушылардың /білім алушылардың оқу үлгерімі 	
желтоқсан	<p><i>№ 4 отырыс</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен қабылданған рейдтік іс-шараларға талдау 2. Оқушылар/білім алушылар арасындағы шиеленісті, даулы жағдайлар мен олардың өзара қарым-қатынасы 3. “Полицияның жас көмекшілері” топтарының жұмысы туралы 4. Қ.Р. “Білім туралы” Заңының орындалуы 	
қаңтар	<p><i>№ 5 отырыс</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен қабылданған рейдтік іс-шараларға талдау 2. Психологтың есепте тұрған оқушылармен/білім алушылармен жүргізген түзету жұмыстарының қорытындысы 3. Мектепішілік/ колледжішілік , қауіпті топтарда тұрған оқушылар/білім алушылар мен ішкі істер бөлімінің есебінде тұрған балаларды бақылау мәселелері 	

ақпан	<p><i>№ 6 отырыс</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен қабылданған рейдтік іс-шараларға талдау 2. Тәлімгерлер жұмысына талдау 3. Жекелеген оқушылардың/ білім алушылардың жеке ісін қарау 	
наурыз	<p><i>№ 7 отырыс</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен қабылданған рейдтік іс-шараларға талдау 2. Тәлімгерлер жұмысына талдау 3. Жекелеген оқушылардың/ білім алушылардың жеке ісін қарау 	
сәуір	<p><i>№ 8 отырыс</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Құқық бұзушылықтың алдын алу және балалар арасындағы қаңғыбастық пен қараусыздықты ескерту мақсатында педагогикалық ұжыммен қабылданған рейдтік іс-шараларға талдау 2. Өз балаларына дұрыс тәрбие бермейтін немесе дұрыс тәрбие беруге құлқы жоқ ата-аналардың педагогикалық көзқарасын түзету жұмыстарының нәтижесі 3. Жекелеген оқушылардың/ білім алушылардың жеке ісін қарау 	
мамыр	<p><i>№ 9 отырыс</i></p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Түрлі есептерде тұрған білім алушылармен әңгіме жүргізу, жазғы демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыру жұмыстары 2. Жекелеген оқушылардың/ білім алушылардың жеке ісін қарау 	

Оқушыларды мектепішілік/ профилактикалық есепке қою туралы ЕРЕЖЕ

Оқушыларды мектепішілік есепке қоюдың мақсаты: * қауіпті топтарға жататын балаларды ертерек анықтау, оқушыларды сырттай бақылау, оларға дер кезінде әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету.

Есепке қоюдың міндеттері:

- Қоршаған ортаның тәрбиелік әлеуетін арттыру, жасөспірімдерге әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсетуде жұмыстарды күшейту;
- Қажетті мамандарды, мамандандырылған мекемелер мен орталықтарды тарту арқылы түзету-оңалту жұмыстарын ұйымдастыру;
- Мінез-құлқын түзету және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған бағдарламалар, әдістемелік әзірлемелерді дайындау және жүзеге асыру.

Мектепішілік есепке қоюдың тәртібі

Оқушыларды мектепішілік есепке мына жағдайларда қояды:

- Мектеп Жарғысын бірнеше рет бұзғандар;
- Оқушыларға арналған Ережені жүйелі түрде бұзатындар(сабақты себепсіз жіберетіндер;
- денсаулыққа зиян келтіретін заттарды (алкогольді ішімдіктерді, наркотикалық заттарды қолданатындар;
- түрлі бұзақылық жасап, ішкі істер бөлімдеріне есепке алынғандар және т.б.);

Мектепішілік есепке мектептегі құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңестің шешімі бойынша алынады.

- * Оқушылардың/ білім алушының есепке қою кезінде сынып/топ жетекшісі оған мінездеме дайындап, онымен жүргізілген профилактикалық жұмыстар туралы ақпарат әзірлейді, Кеңесте атқарған жұмыстары жайлы есеп береді.
- * Мектеп/колледж әкімшілігі сынып/топ жетекшісі, психологтармен бірге білім алушыны есепке қоюда оның өзі және отбасы туралы мәлімет жинақтап, онымен жеке профилактикалық жұмыстар ұйымдастырады.
- Мектепішілік/ колледжішілік есепке қойылған оқушыға/білім алушыға әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық көмек және қолдау көрсету үшін мектеп/колледж директорының бұйрығымен мұғалімдер ішінен тәлімгер бекітіледі.
- Тәлімгер оқушы/білім алушы есептен алынғанынша онымен жұмыс жүргізу үшін жоспар жасап, оқу жылы ішінде Кеңестің отырысында атқарған жұмыстары жайлы есеп дайындайды.

Оқушылармен/ білім алушылармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыру

- Осы категориядағы оқушылардың бойында салауатты өмір салтын қалыптастыру, мінез-құлқында ауытқушылығы байқалатын оқушылармен/ білім алушылармен түзету жұмыстарын жүргізу, қаңғыбастыққа, қараусыздыққа салынуға апаратын себептерді анықтау және оны жою үшін әр оқушымен/білім алушымен жеке жұмыстар жүргізу
- Осы балалармен атқарылатын жұмыстарға басқа да органдардың мамандарын қажетінше тарту.

Оқушыларды/білім алушыларды мектепішілік есептен шығару негізі

- Оқушыларды/білім алушыларды мектепішілік/колледжішілік есептен алуда олардың тұрақты (6 айдан 1 жылға дейінгі уақытта) жағымды қасиеттерінің қалыптасуы, тәртібінің және айналасындағы жасөспірімдермен өзара қарым-қатынасының жақсаруы себеп болып табылады.

Мектепшілік/ есепке және есептен шығарылғаны жайлы оқушының ата-анасына берілетін жазбаша хабарландырулардың үлгілері

№ -----2018ж.

Ата-ананың Ф.А.Ж.-----

Жазбаша хабарлама

-----мектептің/колледждің құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңесінің шешімімен (дата)-----Тараз қаласының (мекен-жайын) тұратын (жасөспірімнің аты-жөні)-----мектептің/колледждің ішкі есебіне қойылғанын мәлімдеймін.

Директор: (аты-жөні) қолы, мектептің мөрі

Таныстым -----

№-----2018жыл

Ата-ананың Т.А.Ж.-----

Жазбаша хабарлама

-----мектептің құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңесінің шешімімен (дата)-----Тараз қаласының (мекен-жайын) тұратын (жасөспірімнің аты-жөні)-----мектептің ішкі есебінен алынғанын мәлімдеймін.

Директор: (аты-жөні) қолы, мектептің мөрі

Таныстым -----

№-----2018жыл

Тараз қ.

“ ____”-----2015ж.

Төрағасы (төрайымы)

Қатысқандар:

Хатшысы:

Күн тәртібі

Сөйледі: аты-жөні, қызметі

Сөйледі: аты-жөні, қызметі

Тыңдалды:

1.-----

Сөйледі: аты-жөні, қызметі

Жоғарыда айтылғандарды негізінде кеңес шешім етті: (датасын және жауаптыларды көрсету)

1.

2.

Төрағасы (төрайымы):

Хатшы:

Құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі Кеңес отырысына шақырылған оқушы туралы анықтама

Т.А.Ж.

Туған жылы, мерзімі

Тобы

Ата-анасының аты-жөні

Қызмет орны

Отбасы құрамы

Қанша рет Кеңестің жұмысына шақырылып отыр, егер бұрын шақырылса, қашан және не үшін шақырылған?

Кеңеске шақырылу себебі

Сабақтан қалған күндерінің саны

Мінез-құлқы, тәртібі

Қысқаша мінездеме

Оқушымен және оның ата-анасымен жүргізілген жұмыстар

Сынып жетекшісінің ұсынысы

Кеңестің шешімі

Аудандық (қалалық) әкімдіктер жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың қарауына жіберілетін жасөспірімдерге қатысты жинақталатын материалдар тізімі

- Ұсынымдама
- Оқушының/білім алушының психологиялық-педагогикалық мінездемесі
- Жасөспірімнің жасын айғақтайтын құжаттар
- Ата-аналар мен оның орнындағы заңды тұлғалар туралы мәліметтер (туған жылы, жұмыс орны, мекен-жайы)
- Отбасылық –тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі
- Жүргізілген профилактикалық жұмыстар туралы материалдар
- Жасөспірімнің түсініктемесі
- Қажет болған жағдайда:
 - Фотосуреттер;
 - Бейнематериалдар
 - Соттың шешімі, қаулысы

Аудандық (қалалық) әкімдіктер жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың қарауына жіберілетін ата-аналар мен оның орнындағы заңды тұлғаларға қатысты жинақталатын материалдар тізімі

- Ұсынымдама
- Жеке тұлғаны растайтын құжат
- Кәмелеттік жасқа жетпеген балалары туралы мәлімет (туу туралы куәлік)
- Қызмет ететін микроучаскесі бойынша учаскелік инспектордың анықтама-мінездemesі
- Отбасылық –тұрмыстық жағдайын зерттеу актісі
- Ұсынымдама жасалып отырған тұлғаның түсініктемесі
- Жүргізілген профилактикалық жұмыстар туралы материалдар

Қажет болған жағдайда:

- Көршілердің түсініктемелері
- Фотосуреттер;
- Бейнематериалдар
- Соттың шешімі, қаулысы

Құқық бұзушылыққа бейім оқушыларды анықтау көрсеткіштері

- Сабақтан көп қалу
- Сыныптағы/топтағы шиеленісті қарым-қатынас
- Отбасындағы шиеленісті қарым-қатынас
- Жағымсыз әдеттердің болуы
- Агрессиялық мінез-құлқы

ІШКІ ІСТЕР БӨЛІМДЕРІНДЕ, ЕСЕПТЕ ТҰРҒАН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖЕКЕ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ ЖАДЫНАМАСЫ

№	Жұмыс бағыттары
1.	Оқушыға психологиялық-педагогикалық күнделік арнау
2.	Мінездеме жазу
3.	Сабаққа қатысуын бақылау
4.	Ағымдағы сабақ үлгерімін бақылау
5.	Профилактикалық әңгімелер жүргізу
6.	Оқушыны бақылау мақсатында сабақтарына қатысу
7.	Психологиялық-педагогикалық көмек көрсету
8.	Тәртібін түзету жұмыстары
9.	Мектептің/колледждің және сыныптың/топтың іс-шараларына тарту
10.	Бос уақытының ұйымдастырылуы, үйірмелер мен секцияларға тарту
11.	Еңбекпен қамтылуына көмек беру
12.	Үйлерін аралау
13.	Ата-анасымен бірлесе әрекет етуді ұйымдастыру
14.	Ата-аналарға арналған кеңестер жүргізу

15.	Ата-аналарды құқық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестерге шақыру
16.	Ата-аналарды ата-аналар лекторийлеріне(сағаттарына) шақыру
17.	Мәселесі қаралып отырған оқушының/білім алушының ата-анасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету

Назарларыңызға рахмет!